



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Жак Деррида «Ажырату теориясы»
(жалғасы)



Дәрістің мақсаты: Жак Дерриданың «Differance» – ажырату теориясының мағынасымен танысу.

Кілт сөздер: ажырату, өзгешелік, айырмашылық, кеңістік, уақыттандыру т.б.

Біз Жак Дерриданың «А»-әрпімен жазылатын «Ажырату» теориясы жайлы дәрісімізді жалғастырамыз. Өткен дәрісте біз differance – ажырату терминінің пайда болу тарихы, оның білдіретін мағынасы мен ерекшелігі жайлы мәліметтермен танысқан болатынбыз. Бұл дәрісте біз ажыратудың түрлеріне және Дерриданың differance – ажырату теориясын Соссюр, Ницше және Фрейдтің көзқарастары арқылы тереңірек қарастырамыз.

Біз төртінші дәрістің басында айтып өткен айырмашылық әрекетін түсіндіру үшін қолданылатын осьтер, яғни уақыттандыру ретіндегі ажырату мен кеңістіктендіру ретіндегі ажыратудың өзара қалай жалғасатыны туралы кітап авторлары Джулия Ривкин мен Майкл Райан бірнеше түсініктеме беріп өтеді. Олар алдымен белгі мен жазудың мәселесінен бастауды жөн көреді. Белгі өзін заттың орнына қояды. Белгі өзі жоқ екенін білдіреді, сол заттың орнын алады. Біз бір затты қолмен ұстап көрсете алмаған кезде, мәселен, бар, бірақ өзін ұсына алмайтын затпен бетпе-бет келгенде, оны белгілеу үшін белгінің айналма жолымен кетеміз. Біз белгі береміз. Біз белгіні жасаймыз. Демек белгіні – аялдаушы әрекет деуге болады. Ауызша не жазбаша белгі ме, ақша бірлігі (белгісі), сайлау делегациясы, не саяси өкілдік жайлы ма – не туралы айтсақ та белгінің айналыста болуы біздің заттың өзімен бетпе-бет келуімізді, оны иеленуімізді, қолдануымызды, қолмен ұстауымызды, көруімізді, ол жайлы түйсік тудыруымызды кешеуілдетеді.

Мұнда кешеуілдетудің «А»-әрпімен жазылатын ажыратылуы [differance] ретінде ұсынылып отырған мағыналау – белгінің классикалық құрылымы: бірдеңенің бар болуын аялдата түсетін белгі өзін кешеуілдететін қатысудың негізінде және қабылдаудың шынайы объектісі болып табылатын кідірілген қатысудың негізінде ғана ұғынылуы мүмкін. Классикалық семиологияға жүгінсек, заттың өзінің белгімен алмастырылуы әуелгі де қайталама: ол түпнұсқаға қатысты қайталама. Себебі өзі белгісі болып табылатын жоғалған нәрсені болдырады. Ол көрсеткіміз келген нәрсеге қатысты әуелгі орында, өйткені ол үшін белгі тек қана жанамалау әрекеті болып табылады.

Алмастырудың қайталама және әуелгі аспектілерін қарастыра отырып, бастапқы, негізгі ажыратудың differance жарығы іспетті әлденені байқаймыз. Бірақ біз оны бастапқы не соңғы деп атай алмаймыз. Белгінің әуелгі және қайталама сипаттарынан, ажыратуды бастапқы ұғым ретінде анықтауға қатысты, ойшыл мынадай қорытындылар жасайды:

1. Ажырату бұдан былай «белгі» концептісінің аясында түсінілмеуі керек; себебі бұл концептіге сәйкес, белгі – ылғи да қатысудың репрезентация құралы ретінде қабылданып, қатысумен анықталған, қатысу феноменін мойындауға негізделген жүйе ретінде құрастырылған.

2. Қатысудың беделіне, сондай-ақ, оның қатынаспауы мен жоғалтуы болып табылатын қарсылық симметриясының беделіне де күмән келтіреміз.

Деррида: «уақыттандыру – уақытша-болу ретіндегі ажырату мен Хайдеггер Sein und Zeit-те уақыттандыру жайлы айтқан пікірінің арасында – тығыз және бәлкім, қажетті де, мызғымас байланыс бар», – дейді. Ол «уақыттандыру ретіндегі ажырату мен кеңістіктендіру ретінде ажыратудың қосылу әдісін анықтау үшін, мәселенің семиологиялық аспектілерін сараптауда Соссюрдің пікіріне сүйенеді. Заманауи ғылымдағы семиологиялық және лингвистикалық зерттеулердің көбі әділетті болса да, болмаса да, өздерін заманауи лингвистиканың негізін қалаған Соссюрдің ізбасарларымыз деп санайды. Белгілердің ретсіз және айырушы сипатын алғаш анықтап, мұны жалпы семиологияның, әсіресе, лингвистиканың принциптері ретінде бекіткен де Соссюр болатын. Соссюрдің пікірінше, бұл екі тақырып – ретсіздік пен айырушы сипат, бір-бірінен бөлек болуы мүмкін емес. Ол ретсіздік – белгілер жүйесі концептілерінің толыққандылығынан емес, олардың арасындағы айырмашылық болған жерде ғана мүмкін екенін алға тартады. Мағыналау процесінің элементтері оның өзегінде жинақталған потенциалдың арқасында емес, оларды бір-бірінен ажырататын және арақатынасын белгілейтін қарсылық жүйесінің арқасында қызмет етеді», – дейді. Осыдан «Ретсіздік пен айырушы сипат өзара байланысты қасиеттер» деген тұжырымға келуге болады.



Дерриданың пайымдауынша, тілдің шектерінде, тіл жүйелерінде айырмашылықтар ғана бар. Біз таксономиялық операция арқылы жүйелік, статистикалық және классификациялық түгендеу жүргізе аламыз. Бұл айырмашылықтар бір жағы тілде де, сөйлеуде де, сондай-ақ, олардың қарым-қатынасы барысында да маңызды. Екінші жағынан, бұл айырмашылықтардың өзі де нәтижелер мен салдар деуге болады.

Біздің ажырату дегеніміз – айырмашылықтарды, дәлірек айтқанда ажырату нәтижелерін тудыратын ойын қозғалысы. Бұл айырмашылықтарды тудыратын ажырату сол айырмашылықтарға дейін дүниеге келген, қарапайым, өз-өзінде және немқұрайлы осы шақта өзгермеген пішінде өмір сүреді. Ажырату – бүтін және қарапайым деуге келмейтін «бастау»; бұл – айырмашылықтардың құрылымды және ажыратушы бұлағы.

Егер Соссюрдің санаттарға жіктеу болып табылатын сөзіне сенсек, тіл дайын күйінде аспаннан түспейтін болғандықтан, оның айырмашылықтары да қолдан жасалатыны түсінікті; оларға субъект не субстанция, заттар мен жалпы алғандағы болмыс себеп болмайды, олар осы шақта өмір сүретін және айырмашылық ойынынан құтқарылған, өндірілген нәтижелер. Мұндай қатысу себептің жалпы философиялық тұжырымдамасында болжанған; біз болсақ мұнда себебі жоқ салдар, демек өз кезегінде қандай да бір нәтиже туралы айтуға мүмкіндік бермейтін әлдене жайлы айтамыз.

Сонымен қатар, бірдеңенің болуы семиологиялық айырмашылықтан тыс не бұрын болмағандықтан, біз Соссюрдің тіл және жалпы белгі жайлы айтқанын кеңейте аламыз: «Сөйлеген сөзіміз түсінікті болу үшін және нәтижелерін өндіру үшін бізге тіл керек; соңғысы, алайда тілдің жасалуы үшін шартты; тарихи тұрғыдан алғанда сөйлеу фактісі әрдайым бірінші жүреді».

Осыдан біз Соссюр қалыптастырған талаптың бүтін мазмұнын болмаса да, кем дегенде схемасын сақтай отырып, ажыратуды тіл не кез келген код, сол сияқты жалпы кез келген референциалды жүйенің айырмашылық материясы, не жүйесін «тарихи» тұрғыдан құрастыратын қозғалыс деп атаймыз.

Сонымен, «ажырату» дегеніміз – егер «қатысушы» деп қарастырылған әр элемент өзінен өзгешеленетін басқа бір элементке қатысы болса, сонымен қатар, өткен шақтың белгісін қамтыса және сол мезетте болашақпен қарым-қатынасқа ашық болса ғана мағына бере алады. Бұл болашаққа да, өткенге де теңдей қатысты және осы екіұдай қатынас осы шақ деп аталатынға сәйкес келеді. Осы шақ табиғатында жоқ қарым-қатынастың арқасында ғана бар бола алады: демек өткен шақ пен келер шақ мұнда өзгертілген осы шақ ретінде қарастырылмайды. Қандай да бір нәрсе болу үшін, ол жаратылыста жоқ нәрседен әлдебір интервалмен бөліну керек; осы шақта белгіленетін бұл интервал солайша осы шақтың өзін бөліп-жаруы керек, сонымен қатар, осы шақтың негізінде пайда болғанның және оның негізінде жетуге болатынның бәрін жойып, осылайша болмыстың кез келген түрін бөлшектеп тастауға тиіс. Өз-өзін құрастыратын бұл интервал кеңістіктендіру, кеңістіктікке айналған уақыт пен уақыттылыққа айналған кеңістік деп аталатынның өзі. Осы шақтың осынау «бастапқы» және сөзсіз күрделі, демек бастапқы емес іздер, шегерулер мен күзетулер синтезі ретінде құрастыруын Соссюр протожазу, протоіз, не ажырату деп атауды ұсынады. Соңғысы кеңістіктендіру және уақыттандыру болып табылады.

Ойшыл анализдерін жалғастыру үшін Койрениң «Hegel at Jena» деген жұмысына сілтеме жасайды. Бұл мәтінде Койре Jena Logic-тен неміс тілінде ұзақ үзінділер беріп, өз аудармасын ұсынады. «Ажырату» термині Гегельдің «The Jena system» еңбегінде екі жағдайда да кездеседі. Ол «different» сөзін уақыт пен осы шаққа қатысты пайдаланады. Гегельдің мәтініне қатысты екі жағдайда ол «differente Beziehung» (дифференте вициун) тіркесін кездестіреді. Тамыры латын бұл сөз (different) неміс тілінде өте сирек қолданылады және сондай-ақ, оның орнына verschieden (фершидн) немесе ungleich-ті (унглайс) пайдаланатын Гегель айырмашылықты [difference] Unterschied (унтершид) және Verschiedenheit (фершиднхайд) деп қолданады.

Сонымен қатар, Койре мәтінге берген ескертуіне айрықша көңіл бөліп, былай деп атап өтеді: «Айырмашылықты» алып жүретін қатынас: *différente Beziehung* (дифференте вициун). «Дифференциялаушы қатынас деуге болар еді». Келесі бетте Гегельдің тағы бір мына мәтінін оқуға болады дейді, ол: «Бұл қатынас айырмашылық әкелетін қатынас ретінде бар болып тұр». Койрениң тағы бір ескертпесіне орай: «Басқаша» термині [different] мұнда белсенді деген мағынасында алынып отыр».



Әрине, «ажырату» термині басқа да ескертпелерге мұқтаж болуы мүмкін: өйткені, ажырату, жоғарыда аталып өткендей, басқа мағыналарда да пайдаланылуы мүмкін. Біріншіден, оның қойнауына қандай да бір бастапқы айырмашылықтың белсенділігі ғана емес, сонымен қатар, бір сәттік уақытқа бағындыратын төңкеріс, аялдаудың айналма жолы, кешеуілдету мен кейінге қалдыру да сыйып тұрады. Ажырату, алайда одан да кең мағыналық қатарларды білдіре алады.

Айырмашылықтар, осылайша, ажырату арқылы «өндіріледі», ажырайды. Бірақ не ажыратады? Кім ажыратады? «Е»-әрпімен жазылатын айырмашылық деген не? сияқты сұрақтарға Деррида: «Егер бұл сұрақтарға, оларды анықтап алмай жатып, соларға дейін келетіндерге назар аудармастан, олардың формасын ой елегінен өткізбестен жауап берсек, қазіргі деңгейімізге жетпеген болар едік. Егер осы сұрақтардың формасы, олардың мағынасы мен синтаксисі өздігінен берілген деп қабылдасақ, біз ажыратудың болмысы әуелгіден осы шақтан таралып, онымен бақыланатынына, оған бағынатынына келісуге мәжбүр боламыз; олай болса, тек болмыс – осы шақ қана бар, сол ғана осы әлемнің әлеуеті, байлығы мен билігі болуға қабілетті; сол себепті, осы атаулардың бәрін соған ғана телуіміз керек», – деп жауап береді.

Ал Соссюр қалыптастырған семиологиялық айырмашылық идеясына оралсақ, «Тіл дегеніміз – сөйленген сөз түсінікті болу мақсатында өзінің барлық нәтижелерін өндіріп алу үшін керек». Осыдан ажырату дегеніміз – тіл ішіндегі айырмашылықтар ойыны ғана емес, сөйлеудің тілге қатынасы болып шығады, сөйлеу үшін және біз жүгінетін айналма жолдар ұғынықты болу үшін өзіміз беретін дыбыссыз белгілер жалпы семиология үшін де, лингвистика үшін де аса маңызды; ол ойын білдіру әдістерінің схемамен, хабарламалық кодтармен т.с.с. байланыстарын анықтайды.

Деррида өзінің көптеген еңбектерінде, тілдегі және сөйлеудің тілге қатынасындағы бұл ажырату, сөйлеу мен жазудың күрт айырылысына тыйым салатынын айтады. Бұл пікірді теріске шығаруға тырысатындар да болуы мүмкін: субъект лингвистикалық айырмашылықтар жүйесінде әрекет еткенде ғана сөйлеуші субъектіге айналатыны айтарлықтай талассыз. Бұл мағынасында сөйлеуші субъект осы шақта – ажыратудың лингвистикалық не семиологиялық механизмінен өзге жолмен – сөйлеу не мағыналау сәтінде болуы мүмкін емес екені анық.

Алайда қатысуды қабылдау не субъектінің сөйлеуге не оның белгілеріне дейін қатысуын сезінуі мүмкін бе? Субъекті өзін мылқау, интуитивті санада болуын сезінуі мүмкін бе? Дерриданың айтуынша, сұрақты бұлай қою – белгілерге дейін және олардан тыс, кез келген ізді не ажыратуды жоққа шығара отырып, сана секілді әлдененің болуы әбден мүмкін дегенді білдіреді.

Ендеше сана дегеніміз не нәрсе? Сана деген нені білдіреді? Көбінесе «мағына» түрінде, сана – өзгерістерінің бәрінде тек өзі қатысу және қатысуды өзіндік сезіну арқылы ғана ойға қонымды. Санасы бар деген сөз – өзі де бар дегенді білдіреді. Санаға берілген басымдық, демек қатысушыға берілген басымдықты білдіреді.

Бұл басымдық – метафизика эфирі, біздің ойларымыз метафизикалық тілде жасырылғандықтан, ол сол ойларымыздың элементі. Мұндай жабық кеңістіктің шегараларын тек қана осы бар болу, қатысудың маңызды рөліне назар салу арқылы жою мүмкін болмақ; оны Хейдеггер болмыстың онто-теологиялық айқындамасы деп көрсеткен болатын.

Осы тақырыпқа қатысты Деррида, Ницшенің еңбектерінде жазылған «әрекеттің маңызды, басты формасы – бейсана» сөзіне сүйене отырып: «сана дегеніміз – болмысы, бағыттары мен әдістері өзіне тиесілі емес күштердің жемісі екенін еске салады. Күштің өзі ешқашан осы шақта емес, ол бар болғаны айырмашылықтар мен мөлшерлердің ойыны ғана. Күштердің айырмашылығынсыз күштер болмас еді; және олардың санындағы айырмашылық сол санның сапасынан, абсолютті шамадан гөрі маңызды. Санның өзі, ендеше, сапалық айырмашылықтан ажыратқысыз. Сапалық айырмашылық деген күштің негізі, күш пен күштің қарым-қатынасы», – деген пікір айтады.

Жалпы логикаға бірдей дегеніміз – ажырату, бір айырмашылықтан екінші айырмашылыққа, оппозицияның бір мүшесінен екіншісіне айналма және екіұдай жолдармен өту ретіндегі ажырату. Нәтижесінде философияға негіз әрі біздің тілімізге бастау болатын барлық оппозициялық жұптарды, оппозициялардың жойылуын емес, қажеттіліктердің пайда болуын көру үшін қарастыруымыз ықтимал. Қорыта айтқанда, ажыратуды әртүрлі күштердің және – Ницше метафизикалық грамматиканың күллі жүйесіне қарсы күштердің арасындағы айырмашылықтардың «белсенді» диссонансы деп атайтын боламыз.



Ал Фрейд теориясында ажыратудың екі бірдей әртүрлі мағынасы бірігеді:

- 1) айырмашылық, сәйкессіздік, ауытқушылық, жүйе, кеңістіктендіру ретіндегі өзгешелеу;
- 2) айналма жол, кідіру, кешеуілдету, үнсіз қалу, уақыттандыру ретіндегі ажырату.

Егер ажырату деген ақылға сыймайтын фактор болса, оны айқындылыққа жатқызуға асықпау керек шығар: айырмашылық құрылымында өз орнын, өз қажеттілігін, өз функциясын мойындаған екенбіз, оны дәлелдің философиялық элементіне әкелуге, солайша дерексіздік сипаты мен қисынсыздығын ажыратып, оны өзімізге жақсы белгілі есептің талассыздығымен ыдыратуға асықпаған жөн шығар.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Деррида ажыратуды қандай түрлерге бөліп қарастырады?
2. Ажырату теориясында ғалым Соссюр мен Ницшенің қандай пікірлерін негізге алады?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Julie Rivkin, Michael Ryan, *Literary Theory: A Practical Introduction* (Wiley Blackwell, 3rd edition, 2016).
2. Автономова Н.С. Деррида и грамматология // Деррида Ж. О грамматологии. – М.: Ad Marginem, 2000.
3. Ильин И.П. Теория знака Ж. Дерриды и ее воздействие на современную критику США и Западной Европы // Семиотика. Коммуникация. Силь. – М.: ИНИОН, 1983. – С. 108-125.